

## Шетелде кадрлар даярлау жөніндегі республикалық комиссия туралы

Қазақстан Республикасы Президентінің 2000 жылғы 12 қазандағы N 470 Жарлығы.

Ескерту. Тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Президентінің 2005.05.04. № 1569 жарлығымен.

Шетелде кадрлар даярлауды одан әрі жетілдіру және оңтайландыру мақсатында қаулы етемін:

1. Қоса берілген:

1) Шетелде кадрлар даярлау жөніндегі республикалық комиссия туралы ереже;

2) Шетелде кадрлар даярлау жөніндегі республикалық комиссияның құрамы бекітілсін.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Президентінің 2005.05.04. № 1569 жарлығымен.

1-1. Қазақстан Республикасының Үкіметі Қазақстан Республикасы Президентінің "Болашақ" халықаралық стипендиясына тағайындау үшін үміткерлерді іріктеу ережелерін бекітсін.

Ескерту. 1-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Президентінің 2004.05.14. № 1368 жарлығымен, жаңа редакцияда - 2005.05.04. № 1569 жарлығымен.

1-2. Қазақстан Республикасының орталық және жергілікті атқарушы органдарының басшылары жыл сайын 1 қыркүйектен кешіктірмей Шетелде кадрлар даярлау жөніндегі республикалық комиссияның жұмыс органына "Болашақ" халықаралық стипендиясы бойынша мамандар даярлауға өтінімді ұсынсын.

Ескерту. 1-2-тармақпен толықтырылды - ҚР Президентінің 04.05.2005 № 1569; жаңа редакцияда – ҚР Президентінің 16.07.2020 № 372 Жарлығымен.

2. Қазақстан Республикасы Президентінің кейбір актілеріне мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1) Қазақстан Республикасы Президентінің 1993 жылғы 5 қарашадағы № 1394 "Шетелде кадрлар даярлау үшін Қазақстан Республикасы Президентінің "Болашақ" халықаралық стипендияларын белгілеу туралы" қаулысына (Қазақстан Республикасының ПУАЖ-ы, 1993 ж., № 43, 515-құжат):

1-тармақта:

бірінші абзацта "250 халықаралық стипендиясы" деген сөздер "халықаралық стипендиясы" деген сөздермен ауыстырылсын;

екінші абзацта "Министрлер Кабинеті" деген сөздер "Үкіметі" деген сөзben ауыстырылсын;

4-тармақта "Білім министрлігіне" деген сөздер "Білім және ғылым министрлігіне" деген сөздермен ауыстырылсын;

5-тармақтың күші жойылды деп танылсын;

2) күші жойылды - ҚР Президентінің 2006.01.09. № 1696 жарлығымен.

Ескеरту. 2-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Президентінің 09.01.2006 № 1696 жарлығымен.

3. Осы Жарлық жарияланған күнінен бастап күшіне енеді.

*Қазақстан Республикасының*

*Президенті*

Қазақстан Республикасы

Президентінің

2000 жылғы 12 қазандығы

№ 470 Жарлығымен

бекітілген

## **Шетелде кадрлар даярлау жөніндегі респубикалық комиссия туралы**

### **Ереже**

Ескерту. Мәтін бойынша "респубикалық комиссия" деген сөздер "Респубикалық комиссия" деген сөздермен ауыстырылды - ҚР Президентінің 2004.05.14. № 1368 жарлығымен.

### **1-тaraу. Жалпы ережелер**

Ескерту. 1-taraудың тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Президентінің 26.08.2022 № 990 Жарлығымен.

1. Шетелде кадрлар даярлау жөніндегі респубикалық комиссия (бұдан әрі - Респубикалық комиссия) Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы консультативтік-кеңесші орган болып табылады және Қазақстан Республикасы Президентінің "Болашақ" халықаралық стипендиясы (бұдан әрі - "Болашақ" халықаралық стипендиясы) мен ғылыми тағылымдамалардан өту мәселелері жөніндегі іс-шараларды іске асыру мақсатында құрылады.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Президентінің 03.03.2022 № 825 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) Жарлығымен.

2. Респубикалық комиссия өз қызметінде Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметінің актілерін, Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілері мен осы Ережені басшылыққа алады.

3. Респубикалық комиссияның құрамын Қазақстан Республикасының Президенті белгілейді. Респубикалық комиссияны Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кеңесшісі басқарады. Респубикалық комиссия төрағасының орынбасары Қазақстан Республикасының Ғылым және жоғары білім министрі, хатшысы - Қазақстан

Республикасының Ғылым және жоғары білім министрінің орынбасары болып табылады

Ескерту. 3-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Президентінің 2005.05.04. № 1569; 01.07.2022 № 952 жарлықтарымен.

3-1. Қазақстан Республикасының Ғылым және жоғары білім министрлігі Республикалық комиссияның жұмыс органы болып табылады.

Ескерту. 3-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Президентінің 2004.05.14. № 1368; өзгеріс енгізілді - ҚР Президентінің 01.07.2022 № 952 жарлықтарымен.

## 2-тaraу. Республикалық комиссияның міндеттері

Ескерту. 2-тaraудың тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Президентінің 26.08.2022 № 990 Жарлығымен.

4. Республикалық комиссияның негізгі міндеттері:

1) шетелде кадрлар даярлау жөніндегі жалпы стратегияны айқындау жөнінде ұсыныстар әзірлеу;

2) "Болашақ" халықаралық стипендиясын тағайындау үшін үміткерлерді іріктеу қағидаларына (бұдан әрі – Иріктеу қағидалары) сәйкес "Болашақ" халықаралық стипендиясын тағайындау, одан айыру туралы шешім қабылдау;

2-1) "Болашақ" халықаралық стипендиясы шенберінде шетелдік ұйымдарда тағылымдамадан өтуге конкурсқа қатысу үшін жұмыскерлердің санаттарын жыл сайын айқындау;

3) алып тасталды – ҚР Президентінің 16.07.2020 № 372 Жарлығымен.

4) алып тасталды – ҚР Президентінің 16.07.2020 № 372 Жарлығымен.

4-1) "Болашақ" бағдарламасы тұлектерін жұмысқа орналастыру мәселелерін үйлестіруді қамтамасыз ету;

4-2) ғылым және жоғары білім саласындағы уәкілетті орган бекітетін Үміткерлерді іріктеу және ғылыми тағылымдамалардан өту қағидаларына сәйкес ғылыми тағылымдаманы тағайындау, одан айыру туралы шешім қабылдау;

5) Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін, негізгі қызмет үшін қажетті өзге де функцияларды жүзеге асыру болып табылады.

Ескерту. 4-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Президентінің 2008.02.08 № 531, өзгерістер енгізілді - ҚР Президентінің 2010.01.27 № 920 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-т. қараңыз); 11.06.2012 № 339; 11.03.2016 № 210; 16.07.2020 № 372; 03.03.2022 № 825 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі); 29.06.2024 № 591 Жарлықтарымен.

## 3-тaraу. Республикалық комиссияның ұйымдастырылуы мен қызметінің тәртібі

**Ескерту. 3-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Президентінің 26.08.2022 № 990 Жарлығымен.**

5. Республикалық комиссияның төрағасы республиканың зандары мен осы Ережеге сәйкес оның жұмысын үйымдастырады және Республикалық комиссияның қызметін қамтамасыз етеді.

**Ескерту. 5-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Президентінің 2004.05.14. № 1368 жарлығымен, өзгеріс енгізілді - 2005.05.04. № 1569 жарлығымен.**

5-1. Республикалық комиссияның төрағасы болмаған жағдайда, оның функцияларын төрағаның орынбасары жүзеге асырады.

**Ескерту. 5-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Президентінің 2005.05.04. № 1569 жарлығымен.**

6. Республикалық комиссияның хатшысы жұмыс органы дайындаған құжаттар мен материалдарды Республикалық комиссияның қарауына ұсынады.

**Ескерту. 6-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Президентінің 2004.05.14. № 1368, 2008.02.08. № 531 Жарлықтарымен.**

7. Республикалық комиссияның төрағасы, төрағаның орынбасары, хатшы мен мүшелері оның жұмысына қоғамдық негізде қатысады.

**Ескерту. 7-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Президентінің 2005.05.04. № 1569 жарлығымен.**

8. Республикалық комиссияның отырыстары оның жоспарына сәйкес өткізіледі. Жоспардан тыс отырыстар қажеттігіне қарай Республикалық комиссия төрағасының шешімі бойынша өткізіледі.

Республикалық комиссияның отырыстары комиссия мүшелерінің жалпы санының үштен екісі қатысқан жағдайда құқықтық күші болады.

9. Республикалық комиссияның шешімі ашық дауыс беру арқылы отырыска қатысып отырған комиссия мүшелері санының кем дегенде төрттен үшінің дауысымен қабылданады.

**Ескерту. 9-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Президентінің 2008.02.08. № 531 Жарлығымен.**

10. Республикалық комиссияның жұмыс органы:

1) "Болашақ" халықаралық стипендиясына үміткерлердің жеке істерінің мазмұнына қойылатын жалпы талаптарды белгілейді;

**2) алып тасталды – ҚР Президентінің 16.07.2020 № 372 Жарлығымен.**

3) "Болашақ" халықаралық стипендиясы шеңберінде шетелде оқыту үшін мәндес мамандықтар тізбесін, "Болашақ" халықаралық стипендиясы иегерлерінің (бұдан әрі - стипендиат) оқуы, тілдік курсардан өтуі үшін ұсынылатын шетелдік жетекші жоғары оқу орындарының, шетелдік үйымдардың тізімін, "Болашақ" халықаралық стипендиясын тағайындау үшін бағалар баламалылығы кестесін, тілдік курсардың ұзақтылық кестесін бекітеді;

4) тамақтануға, тұруға, оқу әдебиеттерін сатып алуға арналған шығыстар нормаларын әзірлейді және бекітеді, тұратын жерінен шет елдердің тиісті мемлекеттік органдары, шетелдің жоғары оқу орындары, тілдік курстар мен тағылымдамаларды өткізуіді жүзеге асыратын шетелдік үйымдар, статистикалық, рейтинглік және өзге де тиісті үйымдар және/немесе шет мемлекеттің уәкілетті органдары белгілеген оқытуды үйымдастыру бойынша қызметтер көрсететін шетелдік үйымдар ұсынған құжаттардың және/немесе өзге ақпараттың негізінде оқитын, тілдік курсардан не тағылымдамадан өтетін жеріне дейін жол жүру бойынша көлік түрі мен сыныбын анықтайды;

5) "Болашақ" халықаралық стипендиясына құжаттарды қабылдау және конкурс өткізу мерзімдерін бекітеді;

6) мұдделі мемлекеттік органдармен, жоғары оқу орындарымен, ғылыми және өзге де үйымдармен келісім бойынша тәуелсіз сараптама комиссиясының құрамын, оның жұмысының тәртібін және үйымдастырылуын, сондай-ақ ұміткерлердің тәуелсіз сараптама комиссиясының мүшелерімен дербес әңгімелесуін бағалау параграфын бекітеді;

7) мемлекеттік тілді білудің қажетті ең төмен деңгейін, шетелдік жоғары оқу орындарының, шет мемлекеттердің уәкілетті органдары айқындайтын шетелдік үйымдардың талаптарын ескере отырып, шет тілін білудің қажетті ең төмен деңгейін белгілейді;

8) қажетті материалдарды Республикалық комиссияның отырысына енгізеді;

9) "Болашақ" халықаралық стипендиясы мен ғылыми тағылымдамалар бойынша іс-шараларды қамтамасыз етуге және іске асыруға қажетті, Қазақстан Республикасының заңнамасына қайши келмейтін өзге де функцияларды жүзеге асырады;

10) осы Ереженің 4-тармағында көзделген Республикалық комиссияның міндеттерін жүзеге асыру шенберінде қарауы оның құзыретіне кіретін мәселелерді қоспағанда, "Болашақ" халықаралық стипендиясы иегерлерінің өтініштерін қарау жөніндегі комиссияны құрады;

11) стипендиаттармен оқуға/тағылымдамадан өтуге шарт жасасу, стипендиаттарды орналастыруды жүзеге асыру, стипендиаттардың үлгерімі мен еңбек қызметін жүзеге асыру, стипендиаттардың міндеттемелерін орындауын қамтамасыз ету ретінде ұсынылған кепіл мүлкін ауыстыру, Республикалық комиссия "Болашақ" халықаралық стипендиясын тағайындау туралы шешім шығарған күннен бастап тұрақсыздық төлемін (айыппұлды) қоса алғанда, стипендиатқа жұмсалған шығыстарды өтеу тәртібі мен шарттарын бекітеді;

12) Іріктеу қағидаларына сәйкес "Болашақ" халықаралық стипендиясынан бас тартуды қабылдайды, сондай-ақ "Болашақ" халықаралық стипендиясы шенберінде алған мамандығы бойынша еңбек қызметін Қазақстан Республикасының аумағында жүзеге асыруды кейінге қалдыру туралы шешім қабылдайды;

13) "Болашақ" халықаралық стипендиясын тағайындау үшін басым мамандықтар тізбесін жыл сайын бекітеді;

14) Іріктеу қағидаларында айқындалған адамдар санаттары үшін "Болашақ" халықаралық стипендиясының шекті санын жыл сайын белгілейді.

Ескеरту. 10-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Президентінің 2008.02.08 № 531, өзгерістер енгізілді - ҚР Президентінің 2010.01.27 № 920 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-т. қараңыз); 11.06.2012 № 339; 16.07.2020 № 372; 03.03.2022 № 825 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) Жарлықтарымен.

#### **4-тaraу. Республикалық комиссия қызметінің тоқтатылу тәртібі**

Ескерту. 4-тaraудың тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Президентінің 26.08.2022 № 990 Жарлығымен.

11. Республикалық комиссияның қызметін тоқтату туралы шешімді Қазақстан Республикасының Президенті қабылдайды.

Қазақстан Республикасы  
Президентінің  
2000 жылғы 12 қазандығы  
№ 470 Жарлығына  
ҚОСЫМША

#### **Шетелде кадрлар даярлау жөніндегі республикалық комиссияның ҚҰРАМЫ**

Ескерту. Құрамы жаңа редакцияда – ҚР Президентінің 29.06.2024 № 591; өзгеріс енгізілді – ҚР Президентінің 28.04.2025 № 861 (ҚР тиісті заңнамалық актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізуіндегі көздейтін ҚР зандары қолданысқа енгізілген күннен бастап қолданысқа енгізілетін Агенттіктің атом энергиясын пайдалану саласындағы мемлекеттік саясатты қалыптастыру және уранды барлау жөніндегі операцияларды реттеу бойынша мемлекеттік саясатты іске асыру бойынша функцияларды жүзеге асыруы жөніндегі нормалар мен ережелерді қоспағанда, қол қойылған күннен бастап қолданысқа енгізіледі); 26.08.2025 № 975 Жарлықтарымен.

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кенесшісі, төраға

Қазақстан Республикасының Ғылым және жоғары білім министрі, төрағаның орынбасары

Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің вице-министрі, хатшы

Республикалық комиссия мүшелері:

Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрі

Қазақстан Республикасы Бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігінің төрағасы

Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігінің төрағасы

Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің төрағасы

Қазақстан Республикасының Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің төрағасы

Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті Төрағасының орынбасары

Қазақстан Республикасы Атом энергиясы жөніндегі агенттігінің төрағасы

Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрі

Қазақстан Республикасының Әділет министрі

Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрі

Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрі

Қазақстан Республикасының Көлік министрі

Қазақстан Республикасының Қаржы министрі

Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрі

Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрі

Қазақстан Республикасының Өнеркәсіп және құрылымдар министрі

Қазақстан Республикасының Сауда және интеграция министрі

Қазақстан Республикасының Су ресурстары және ирригация министрі

Қазақстан Республикасының Туризм және спорт министрі

Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрі

Қазақстан Республикасының Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрі

Қазақстан Республикасының Экология және табиғи ресурстар министрі

Қазақстан Республикасының Энергетика министрі

Қазақстан Республикасы Парламентінің Сенаты Әлеуметтік-мәдени даму және ғылым комитетінің төрағасы (келісім бойынша)

Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісі Әлеуметтік-мәдени даму комитетінің төрағасы (келісім бойынша)

Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігі Мемлекеттік қызмет бөлімінің менгерушісі

Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігі Ішкі саясат бөлімінің менгерушісі

Қазақстан Республикасы Үкіметі Аппаратының әлеуметтік-мәдени даму мәселелеріне жетекшілік ететін құрылымдық бөлімшесінің басшысы